

Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының, Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрінің және Қазақстан Республикасы Энергетика және минералды ресурстар министрінің кейбір бірлескен бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2017 жылғы 30 маусымдағы № 265 және Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2017 жылғы 12 шілдедегі № 240 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 8 тамызда № 15462 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2020 жылғы 24 ақпандағы № 12 және Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2020 жылғы 25 ақпандағы № 60 бірлескен бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 24.02.2020 № 12 және ҚР Энергетика министрінің 25.02.2020 № 60 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

БҰЙЫРАМЫЗ:

1. Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының, Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрінің және Қазақстан Республикасы Энергетика және минералды ресурстар министрінің кейбір өзгерістер енгізілетін бірлескен бұйрықтарының тізбесі осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде қазақ және орыс тілдерінде қағаз және электрондық түрдегі оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға, сондай-ақ, "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық

мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне және жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бірлескен бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі*

Т. Сүлейменов

*Қазақстан Республикасының
Энергетика министрі*

Қ. Бозымбаев

Қазақстан Республикасы
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2017 жылғы 30 маусымдағы
№ 265 және
Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2017 жылғы 12 шілдедегі
№ 240 бірлескен бұйрығына
қосымша

**Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі
төрағасының,
Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрінің және Қазақстан
Республикасы
Энергетика және минералды ресурстар министрінің кейбір өзгерістер
енгізілетін
бірлескен бұйрықтарының тізбесі**

1. "Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттеу және Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге экспорттау мақсатында тауарлық газды

сақтауды, тасымалдауды қоспағанда, тауарлық газды сақтау, жалғастырушы, магистральдық газ құбырлары және (немесе) газ тарату жүйелері арқылы тасымалдау, топтық резервуарлық қондырғыларды пайдалану, сондай-ақ шикі газды жалғастырушы газ құбырлары арқылы тасымалдау салаларындағы реттеліп көрсетілетін қызметтермен (тауарлармен, жұмыстармен) технологиялық жағынан байланысты қызмет түрлерінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2006 жылғы 18 сәуірдегі № 112-НҚ, Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрінің 2006 жылғы 10 мамырдағы № 148 бірлескен бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде № 4244 болып тіркелген, "Заң газеті" газетінде 2006 жылғы 16 маусымдағы № 109-110 (916) жарияланған):

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Табиғи монополиялар туралы" 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 18-1-бабының 1-1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ**:".

2. "Электр- және жылу энергетикасы салаларындағы реттеліп көрсетілетін қызметтермен (тауарлармен, жұмыстармен) технологиялық байланысты қызмет түрлерінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2006 жылғы 29 қарашадағы № 276-НҚ және Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрінің 2006 жылғы 1 желтоқсандағы № 318 бірлескен бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде № 4469 болып тіркелген, "Ресми газет" газетінде 2007 жылғы 13 қаңтардағы № 2(315) жарияланған):

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Табиғи монополиялар туралы" 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 18-1-бабының 1-1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ**:".

3. "Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттеу және Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге экспорттау мақсатында мұнайды және (немесе) мұнай өнімдерін тасымалдауды қоспағанда, оларды магистральдық құбырлар арқылы тасымалдау саласындағы реттеліп көрсетілетін қызметтермен (тауарлармен, жұмыстармен) технологиялық байланысты қызмет түрлерінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрінің 2013 жылғы 30 желтоқсандағы № 244 және Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2013 жылғы 30 желтоқсандағы № 404-НҚ бірлескен бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде № 9054 болып тіркелген, "Егемен Қазақстан" газетінде 2014 жылғы 6 тамыздағы № 151 (28375) жарияланған):

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Табиғи монополиялар туралы" 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 18-1-бабының 1-1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ**".

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК